

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 960 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат, N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; 2005 жылғы 4 тамыздағы "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 19 шілдедегі "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы):

377-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"377-бап. Қазақстан Республикасында жеке басын куәландыратын құжатсыз тұру

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәлігінсіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен, сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз тұруы немесе үш айдан астам мерзімге уақытша келуі - ескертуге немесе бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеледі.

2. Шетелдік азаматтың немесе азаматтығы жоқ адамның тұруға берілген рұқсатсыз немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінсіз не жарамсыз тұруға берілген құжатсыз, азаматтығы жоқ адамның куәлікпен Қазақстан Республикасында тұрақты тұруы - 5-тен 10 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеледі."

2. "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 ж., N 8, 50, 54-құжаттар; N 21-22, 285-құжат):

1) 4 - б а п т а :

екінші бөлігі "үміткер адамның" деген сөздерден кейін ", оралмандарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ КСР-інде туған не азаматтығын алған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері мен заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға құқығы бар адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын ;

үшінші бөлігі "шетел азаматтары" деген сөздерден кейін "және азаматтығы жоқ адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер мемлекетаралық келісімдерде өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар заңды тұлға құрусыз жеке және шағын кәсіпкерлік субъектілері бола алмайды, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектісі - заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болып әрекет ете алмайды.";

3) 22-бапта екінші бөлігінде:

е) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"е) оралмандарды және олардың отбасы мүшелерін" қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында болу және одан кету үшін қажетті қаражатының бар-жоғын растауды ұсынбаған адамдар,";

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Бұрын Қазақстан Республикасынан қуылып жіберілген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қуып жіберу туралы шешім шығарылған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.

Шақырылған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың бұрын Қазақстан Республикасында болуға, тұруға, жүріп-тұруға, мекен-жайын өзгертуге және одан тыс жерлерге кетуге құқық беретін құжаттарды тіркеудің, ресімдеудің белгіленген тәртібін сақтауды қамтамасыз етпеген жеке адамдар мен заңды тұлғалар тарапынан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасына шақыру туралы өтініштері қаралмауы мүмкін."

3. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., N 24, 341-құжат; 2001 ж., N 21-22, 285-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 6, 76-құжат; 2004 ж. N 23, 142-құжат):

1) 4 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "беріледі" деген сөз "берілуі мүмкін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

үшінші бөлігі "тұратын жері бойынша" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткен күннен бастап" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1 бап. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттары

Егер мемлекетаралық келісімдерде өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар заңды тұлға құрусыз жеке және шағын кәсіпкерлік субъектілері бола алмайды, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектісі - заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) б о л ы п ә р е к е т е т е а л м а й д ы .

Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлғалар - орта кәсіпкерлік және ірі бизнес субъектілері қызметкерлерінің жалпы санының кемінде жетпіс пайызын құрауы тиіс.";

3) 8-бап алынып тасталсын;

4) 2 2 - б а п т а :

екінші бөлігінің 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) оралмандарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында болу және кету үшін қажетті қаражатының бар-жоғын растауды ұсынбаған адамдарға;"

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұрын Қазақстан Республикасынан қуылып жіберілген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қуып жіберу туралы шешім шығарылған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.";

тақырыбы "бас тарту" деген сөздерден кейін "немесе күшін жою" деген сөздермен толықтырылсын;

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"бас тартылуы" деген сөздерден кейін "не бұрын берілген рұқсаттың күші жойылуы" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "оралмандарды" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасында немесе Қазақ КСР-да туған немесе бұрын оның азаматтығында тұрған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері мен заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға құқығы бар адамдарды және олардың отбасы мүшелерін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты өршітетін адамдарға;

8) Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шығатын, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақыратын адамдарға;

9) террористік әрекеті, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамдарға. Бұл ретте, қылмыстың ауырлығы, соттылығының бар-жоғы немесе сотталмағаны Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады;

10) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруы рұқсат алу туралы өтінішті қозғау кезінде өзі туралы жалған мәліметтер берген немесе қажетті құжаттарды тапсырмаған адамдарға;

11) Қазақстан Республикасынан бұрын қуылып жіберілген адамдарға;

12) егер бұл Қазақстан Республикасының азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса."

2-бап. Осы Заң алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті